



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№50 (639)
18 желтоқсан,
2025 жыл

МЕМЛЕКЕТ ТЕ, СЕН ДЕ, АЛДАНБАУДЫ КӨЗДЕ!



Жыл басындағы дерек бойынша, биыл Қазақстан халқының несиесі 20,7 триллион теңгеге жеткен. Осыған сәйкес, елдегі банктердің қаржылық жағдайы мүшкіл көрінеді. Ресми мінберлерде де, қаржы есептерінде «халық несие» қайтармай жатыр, төуекел күшейді, сондықтан банк жүйесін қолдау қажет» деген бір уәж қайталаанады.

Алайда осы уәжбен қаржы институттары мемлекеттен арзан, ұзақ мерзімді субсидиялар алып отырғанын білемісіз? Сол «қайтарылмай жатыр» делінген қарыздардың өзі бірнеше жыл ішінде айыппұл, өсімпұл, қайта құрылымдау мен коллекторлық тетіктер арқылы банктерге еселеп қайтып жатқаны жайлы ашық айтыла бермейді. Сонда сұрақ туындайды: егер банк өз ақшасын бірнеше есе өндіріп алатын болса, мемлекеттің ақшасы не болмақ? Қарапайым қарыз алушы үшін бұл жүйе басқаша көрінеді. Жалақы өзгермейді, баға өседі, ал несие ауырлай береді. Бір төлем кешіксе болды, кейіннен өсімпұл қосылады, қоңыраулар көбейеді, қысым артады. Мемлекет банкті «құлатпау» үшін миллиардтаған қаржы бөледі, ал халық сол банктің алдындағы қарызын толық өтеуге міндетті. Осы арада қаржы жүйесіндегі әділет таразысы кімнің пайдасына ауып тұрғаны анық байқалады.

3



Қарыс жерде қауіп бар... Табиғи апаттар, төтенше жағдайлар, өндірістік апаттар мен өрттер – мұның бәрі азаматтардың өміріне, денсаулығына, қала берді қоғамның тұрақты дамуына да тікелей әсер етеді. Осындай сын-қатерлердің алдын алу мен олардың салдарын азайтуда азаматтық қорғаныс саласының рөлі айрықша.

БАҚДӘУЛЕТ БИЖҰМА:

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС — ХАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ҚОРҒАНЫ

Азаматтық қорғаныс – халықты, аумақтарды және шаруашылық нысандарды табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғауға бағытталған мемлекеттік шаралар жүйесі. Бұл сала адам өмірін сақтауды, материалдық шығындарды барынша азайтуды және тұрғындардың тіршілігін қысқа мерзімде қалпына келтіруді көздейді.

4-БЕТТЕ

Білім мен ғылымды ұштастыру заман талабы. Талантын таныта талабын шыңдап қызығушылығы арқылы мақсатына табандылықпен қадам басқан жастардың қатары артып келеді.

НҰРАСЫЛ ҚАЛМАХАН:

УАҚЫТТЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН ТӘРТІП КЕРЕК



Солардың бірі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Математика педагогтерін даярлау» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті Нұрасыл Қалмахан. Жас болса да оқу үдерісінде жоғары нәтижелерге қол жеткізумен шектелмей, ғылыми-зерттеу және қоғамдық жұмыстарда да белсенділігімен көзге түсіп жүр. Республикалық деңгейдегі ғылыми байқаулардағы жетістіктері, студенттік-ғылыми кеңестегі жетекшілік қызметі, қоғамдық қорлардағы белсенділігі, «Жыл студенті» атағына ие болуы және IELTS халықаралық емтиханынан 6,0 балл алуы – Нұрасылдың білімге деген құштарлығы мен жауапкершілігінің айқын дәлелі. Сонымен қатар «Білім Ыбырай» қоғамдық қорының стипендиаты және вице-координатор ретінде жастардың білім мен ғылымға қызығушылығын арттыру бағытында жұмыс істеуде. Кейіпкермен кездесіп, студенттік өмірі, мамандығы мен жоспары жайында әңгімелескен едік.

5-БЕТТЕ

АФРИКАДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

8-БЕТТЕ

КӨШБАСШЫ ЖАСТАР — КЕЛЕШЕК ТҰТҚАСЫ



Шығыс жастарының жалынды жетекшісі Ғани Мұратбаев: «Заманның тұтқасы да, иесі де – жастар» деп бекер айтпаған. Ғаниды үлгі тұтатын жастар бүгінгі күні де жетерлік.

Жастайынан ел дамуына араласып, қоғамдық ортаға өз пайдасын тигізгісі келетін көшбасшы жастар Астана қаласында «Жас көшбасшылар» платформасында бас қосты. Еліміздің барлық өңірінен жиылған 200 белсенді жас 2 күндік бағдарлама аясында білімдерін тереңдетіп, тәжірибе алмасты. Олардың қатарында бөлімше жетекшілері, белсенді рухтасар мен жұмысшы мамандық өкілдері бар.




7

БІР КҮНДЕ ҮШ НАУҚАСҚА БҮЙРЕК ТРАНСПЛАНТАЦИЯСЫ ЖАСАЛДЫ



2-БЕТТЕ



«ҚҰРМЕТТІ АДАМ»

8-БЕТТЕ

ЕЛ БОЛАМЫН ДЕСЕҢ, БЕСІГІҢДІ ТҮЗЕ

Халқымызда «Ел боламын десек, бесігіңді түзе» деген қанатты сөз бар. Бұл – жай ғана айтылған сөз емес, ғасырлар бойы сұрыпталып, уақыт сынағынан өткен ұлағатты ұстаным.

Қазақ халқы бала тәрбиесін тал бесіктен, яғни сәби дүниеге келген сәттен бастап қолға алған. Себебі баланың бойына сінген алғашқы қасиеттер, естіген алғашқы сөздері мен көрген өнегесі оның бүкіл болашақ тағдырының іргетасын қалайды. Кейінгі кездері бала тәрбиесі ұялы телефон, бабабақша мен интернет желісіне жүктелген міндетке айналды. Бұл уақыттың тапшылығы, заманның өзгеруімен байланысты болуы керек. Алайда қазақтың Абайы мен Шоканы өскен кезеңде бала тәрбиесі қоғамдағы ерекше мәдениетке айналған еді.



2

Басы 1-бетте

Ел боламын десең, бесігіңді түзе

Ананың сынғырлаған бесік жыры

Қазақ даласында бесік жырын тыңдап өскен жастар аз емес, бірақ бүгінде оның үні бәсеңдеп барады. Тәрбие алғаш ананың әлдиімен басталады. Ананың дауысы, оның ырғағы мен тербелісі сәбидің жүйке жүйесін тыныштандырып қана қоймай, оның ми қатпарларының жетілуіне тікелей әсер етеді. Бесік жыры – балаға берілетін алғашқы білім және ана тілінің уызы.

Бауыржан Момышұлы: «Біріншіден, бесік жырын айтатын келіндердің азайып бара жатқанынан қорқамын, екіншіден, немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанынан қорқамын, үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын. Өйткені бесік жырын естіп, ертегі тыңдап, дәстүрді бойына сіңіріп өспеген баланың көкірек көзі көр бола ма деп қорқамын...» деген екен.

Бесік жырының бала дамуына тигізер орасан зор пайдасы жайлы ғалымдар жиі айтады. Мәселен 2001 жылы Ресейдің Тюмень қаласындағы зерттеушілер арнайы тәжірибе жүргізген екен. Олар жастары қарайлас сәбидің екі топқа бөліп бақылайды. Бірінші топтағылар тек анасының әлдиін тыңдаса, екінші топқа түрлі музыкалық әуендер қойылған. Алты айдан кейін сәбилердің ми қыртысын тексергенде, таңқаларлық нәтиже тіркеледі. Ана әлдиін естімеген балалардың миындағы нейрондар баяу дамып, олардың ойлау қабілетінің тежелгені анықталған.

Қазақтарда бала тәрбиесі тек рухани жағынан емес, физиологиялық тұрғыда да қарастырылған. Қазақтың киелі бесігі – нағыз экологиялық таза, гигиеналық талаптарға сай, бала денсаулығын сақтауға арналған бірегей құрылғы. Бесіктегі баланың денесі құрғақ, жылы, таза болады. Ал қол-аяғының байлаулы болуы сәбидің өзінен-өзі шошынбауына, қан айналымының дұрыс жүруіне

және сүйектерінің түзу өсуіне септігін тигізеді. Бүгінгі медицина еркін құндақтауды ұсынғанымен, ғасырлар бойы бесікке бөленген бабаларымыздың дене бітімі шымыр, денсаулығы мықты болғанын жоққа шығара алмаймыз. Бесік – баланы тек суық пен дымқылдан ғана емес, түрлі жағымсыз энергиядан қорғайтын қалқан секілді.

Тегін білген текті болады

Тәрбие – үзіліссіз жүретін процесс. Ол бесіктен басталып, өмір бойы жалғасады. Бірақ ең маңызды кезең – балалық шақ. Егер іргетас қисық қаланса, үстіне салынған зәулім сарайдың құлауы оңай болады. Тәрбие дегенде Абайдың даналығы еске түседі. Бұл тақырыпта оның есімі ерекше орынды иеленеді. Абайдың тектілігі мен даралығы оның түп-тамырынан басталған. Зере әжеміз Құнанбай дүниеге келгенде, әкесі Өскенбайдың төрде алтын сақа иіріп отырғанын түсінде көреді. Осы аяннан кейін анасы ұлын ешқашан дәретсіз емізбеген. Біз көбіне осы тұсын ғана айтамыз, алайда оның арғы жағын білмейміз.

Құнанбай 14 жасында атақты Кеңгірбай биден бата алған. Зере анамыз баласын үш мәрте жетектеп барып, сол батаға қол жеткізген. «Жақсыдан шарапат» демекші, сол батаның қасиетімен Құнанбай сұлттан дәрежесіне дейін көтерілді. Ал бүгінгі ұрпақ батаның киесін, оның адам тағдырына әсерін түсіне ме?

Ұлттық кодтың кілті – Абайда. Ат қоюдан бастап, түс жору, аңыз-ертегі, жұмбақ пен мақал-мәтел, ұлттық ойындар – бәрі Абайдың бойына бала кезден сіңген. Біздің қателігіміз – бүлдіршіндерге әріп таныта салысымен, Абайды бірден «жетуге болмайтын шын», «ұлы данышпан» ретінде көрсетуіміз. Мұны көрген бала «Абайдай болу бізге қайда?» деп жасқанады. Біз Абайдың да бір кездері қарапайым бала болғанын, оны



ұлылыққа жетелеген қазақы тәрбие мен құндылықтар екенін түсіндіруіміз қажет.

Ұрпағым артымда қалсын десен...

Қазір немере арқалаған әжені көп көре бермейміз. Алайда біздің балалық шақта бұл қалыпты жағдай еді. Бұл баланың еркелік мен әженің немереге деген махабаты деп саналғанымен, бұл дәстүрдің ерекше мағынасы бар екен. Үнді фильмдерінде сари киген әйел баласын бір қолымен орап, бүйір ойығына отырғызып көтереді. Ал Вьетнам, Лаос, Сингапур және бүкіл Африка, Латын Америкасы әйелдері балаларын қалыңдау келген ұзын матамен иығына айқастыра байлап танып алады. Месхеттік түрік әйелдері керісінше, дәл сондай келдей орамалмен баласын кеудесіне орап танып алып жүретінін көреміз. Шаруа істеуге бейім шығыс әйелдері өмір сүретін азиялық елдің бәрінде

де осы әдіс – бала анасының омырау тұсына байланады. Ал қазақта баланы арқалайды.

Бүгінде дәрігерлер жамбас ұршығы дұрыс жетілмей дисплазиямен туған балалардың аналарына арнайы медициналық белдікпен немесе арнайы тігілген «кенгурумен» көтеруді тапсырады. Қазіргі нәрестелердің ұршығы жетілмеген деп, массаж жасатып, шина кигізеді, ал бұрын апасының арқасында жүрген балалар бұл аурудан алшақ болған. Еуропада бұл сырқатқа белдік жүйесі арқылы көмектесетін «кенгуру» белдіктер бекер ойлап табылған жоқ. Бір жағынан тек бала ғана емес әженің денсаулығына да жақсы әсер береді. Буындары бір шынығып қалады.

Иә, бұл ғұрыптың денсаулыққа әсері мол. Алайда баланың өсуі мен ақыл жинауына берер жақсылығы мұнан да көп. Бала әженің арқасында 5-6 жасқа дейін еріп жүреді. Оған дейін ол әжесіне «Әже, бұл не?», «Әже, қайда барамыз?», «Әже, анау тұрған құстың

аты қандай?» деп тәтті сұрақтарын қояды. Ал апасы оған жауап беріп, тәттісінің танымын кеңейтеді. Балалығын әжесінің арқасында өткізген немеренің тілі ерте шығады. Өңгімені шертіп беретін, танымы кең бала осылар еді. Олар еркелеп жүріп, үйдің тірлігінен хабар болады. Осылай балалық тұрмыс-тіршілікпен ұласып кетеді. Арқаға немере салу – әженің ұрпағым артымда қалсын деген аппақ ниеті мен көңілі. Осы орайда белгілі журналист Бейсен Құранбектің балалық шығында басынан өткерген оқиғалары еске түсті. Бейсеннің тулға ретінде қалыптасуында атасы мен әжесінің ықпалы мол. Атасының мінезінің жақсы қырлары көп болған. Соның бірі білімге, оқуға деген құштарлығы. Өзі өмірден өтетін шағында біраз уақыт төсек тартып жатып қалды. Сол кезде Бейсенді қасына отырғызып қойып батырлар жырын, Абайдың, Жамбылдың өлеңдерін дауыстап оқытатын. Өзі ауыр халде жатқан адамға өленнің де, жырдың да қызығы жоқ. Оның үстіне сол жырларды атасы жатқа білетін. Дені сау күндерінде ол жырларды күйтабақтан-ақ тыңдай беретін. Оны немересіне оқытуының себебі бала жасынан оқуға деген құмарлығын оятып, көкейіне токи берсін деген ойы екен. Атасы соңғы демі таусылып, өмірден өткенше Бейсенге өзінің түйгенін, білгенін сіңіруге бар ынта-ықыласын салыпты. Міне, «атасы мен әжесінің немересі» осылай өседі.

Егер біз бүгін бесігімізді түзеп, ұрпағымызға дұрыс бағыт-бағдар бере алсақ, ертеңі күніміз жарқын болмақ. «Балапан қыран болу үшін оны самғатып ұшыратын ата-анасы да қыран болуы керек» дейді. Ендеше, ұлт болашағы саналатын ұрпағымызды ізгілікке, білімге және адамгершілікке баулу – әрбір ата-ананың қасиетті борышы. Себебі тәрбиелі ұрпақ – мәңгілік елдің мызғымас тірегі.

Мерей ШӨКРАТ



ӘКЕ ТАҒЫЛЫМЫ – ҰЛТ ТӘРБИЕСІНІҢ ТІРЕГІ

«Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясында «Әке тағылымы – ұлт тәрбиесінің тірегі» тақырыбындағы облыстық Әкелер форумы өтті. Аталған іс-шара отбасылық құндылықтарды нығайтуға, әкенің бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруға, сондай-ақ ұлттық тәрбие мен ұрпақ сабақтастығын кеңінен насихаттауға арналды.

Форум жұмысына қоғам белсенділері, ардагерлер, ата-аналар, жастар және Әкелер кеңесінің мүшелері қатысты. Жиынды «Әкелер Одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша филиалының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Ержан Искендер жүргізіп, форумның мақсаты мен міндеттерін баяндады.

Іс-шара барысында облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, мемлекет тарапынан отбасы институтын қолдауға бағытталған жүйелі жұмыстар жөнінде баяндап, әкенің отбасындағы орны мен қоғамдағы жауапкершілігіне айрықша тоқталды.

Форум аясында еліміздің мақтанышы, бокстан Әлем чемпионатының қола жүлдегері, Азия чемпионатының алтын жүлдегері Құлахмет Тұрсынбайдың әкесі, Молдахмет Байменов өмірлік тәжірибесі мен отбасылық өнегесі туралы ой бөлісті.

Сонымен қатар «Сыр Медиа» ЖШС директоры Марат Аралбаев отбасы тәрбиесі мен ұлттық рухтың маңызы жөнінде мазмұнды ой қозғайды.

Ал дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің «Оңалту және киберқадағалау жұмыстарын ұйымдастыру» бөлімінің аға маманы, теолог Бақтияр Оспанов өз сөзінде қазіргі жастар арасында дін саласындағы ақпараттық қауіпсіздік пен оңалту шараларының маңызына тоқталып, заманауи сананы қалыптастырудағы әкенің рөлі мен отбасы тәрбиесінің әсерін ерекше атап өтті.

Форум барысында қатысушылар тарапынан ұсыныс-пікірлер айтылып, әкелер қозғалысын дамыту, тәрбиелік бағыттағы жобаларды жүйелі түрде іске асыру, сондай-ақ жас отбасылармен жұмысты күшейту мәселелері кеңінен талқыланды.

Форум қорытындысында отбасылық тәрбие мен қоғамдық келісімді нығайту жолында үлес қосып жүрген бірқатар азамат марапатталды.

Іс-шарада айтылған ой-пікірлер мен ұсыныстар әкелер қозғалысын одан әрі жандандыруға бағытталған маңызды қадамдарға негіз болатыны айтылды.

«АЖ» ақпарат

АЙМАҚТА АЛҒАШ РЕТ БІР КҮНДЕ ҮШ НАУҚАСҚА БҮЙРЕК ТРАНСПЛАНТАЦИЯСЫ ЖАСАЛДЫ

Көпбейінді облыстық ауруханада бір күнде үш науқасқа жасалған бүйрек трансплантациясы сәтті өтті.

Алғашқы трансплантация 41 жастағы әйел адамға жасалды. Реципенттің ағасы донор болып, бүйрегін берді. Екінші трансплантация 20 жастағы жігітке жасалып, донор ретінде науқастың 54 жастағы анасы қатысты. Ал үшінші пациент – 43 жастағы әйел, донор болған оның жұбайы.

Трансплантацияны көпбейінді облыстық ауруханасының бас дәрігері, трансплантолог, PhD, Жасұлан Баймаханов, бас дәрігердің хирургия жөніндегі орынбасары, PhD Ербол Серікұлы және А.Н. Сызганов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия



орталығының трансплантологтары Ернұр Белгібаев, Елшат Нәбиевтің командасымен бірлесіп жасады.

Қазір науқастардың жағдайы орташа ауыр, тиісті ем қабылдауда. Айта кету керек, бұған дейін

ауруханада 8 рет бүйрек, 1 рет бауыр алмастыру отасы сәтті аяқталды.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ



«Заң мен тәртіп» қағидасы аясында Ашық университетінің студенттерімен профилактикалық кездесу өтті. Кездесуге Қызылорда облыстық Полиция департаментінің қызметкерлері мен облыстық жастар ресурстық орталығының қызметкері қатысты.

Кездесудің негізгі мақсаты – жасөспірімдер мен жастар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, топтық төбелес, буллинг және суицид сияқты өзекті мәселелердің алдын алу жолдарын түсіндіру. Құқық қорғау органдарының өкілдері аталған құқықбұзушылықтардың салдары мен заң аясындағы жауапкершілік туралы жан-жақты ақпарат берді.

Іс-шара барысында студенттер сала мамандарына сұрақтар қойып, нақты жауаптар алды. Мұндай кездесулер жастардың құқықтық сауаттылығын арттырып, қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті нығайтуға оң ықпал етеді.

«АЖ» ақпарат

Бақдәулет БИЖҰМА:

Азаматтық қорғаныс — халық қауіпсіздігінің қорғаны

Басы 1-бетте

Дәл осынау салада еңбек ететін құтқарушылар мен өрт сөндірушілер — нағыз ерлік иелері. Олар тәулік бойы кезекшілік атқарып, кез келген уақытта қауіп аймағына аттанады. Өрт ішінде, су тасқыны кезінде, жер сілкінісі мен жол-көлік апаттарында адам өмірін құтқару — олардың күнделікті қызметі. Антына деген адалдықпен жауапкершіліктің жүгін аркалаган Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаменті, Азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері, аға лейтенант Бақдәулет Елубайұлымен сұхбат құрудың сәті түсті.

— Азаматтық қорғаныс саласына қалай келдіңіз? Бұл мамандықты таңдауыңызға не себеп?

— Азаматтық қорғаныс саласына келуіме адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген қызығушылығым себеп болды. Табиғи және техногендік төтенше жағдайлардың алдын алу, олардың салдарын азайту — үлкен жауапкершілікті талап ететін, бірақ қоғам үшін аса маңызды қызмет деп есептеймін. Осы сала арқылы елге нақты пайданды тигізуге болатынын түсіндім.

Мен 2018-2022 жылдар аралығында Ресей Федерациясы Мәскеу қаласындағы Азаматтық қорғау академиясында «Технофералық қауіпсіздік» мамандығында оқыдым. Оқу барысында азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, басқару мен ұйымдастыру, сондай-ақ арнайы тактикалық және практикалық даярлық бағыттары бойынша кәсіби білім алдым.

Бұл мамандықты таңдауыма адамдарға көмектесуге деген ниетім, тәртіп пен жауапкершілікті талап ететін қызметке бейімділігім әсер етті. Сонымен қатар азаматтық қорғаныс саласы үнемі даму мен кәсіби

шындалуды қажет етеді. Қиын жағдайда дұрыс шешім қабылдап, адам өмірін сақтап қалу мүмкіндігі мен үшін ең басты мотивация болды.

— Сіздің негізгі міндеттеріңіз қандай? Күнделікті жұмыс барысы қалай басталып, қалай өтеді? Осы жөнінде толық баяндап берсеңіз...

— Менің негізгі міндеттерім — азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың алдын алу, халықты қорғау және ықтимал қауіп-қатерлерге жедел әрекет ету. Атап айтқанда, төтенше жағдайлардың алдын алу шараларын жоспарлау және ұйымдастыру, азаматтық қорғау күштері мен құралдарының дайындығын қамтамасыз ету, оқу-жаттығулар өткізу, сондай-ақ апаттар мен төтенше жағдайлар кезінде басқару және үйлестіру жұмыстарын жүзеге асыру негізгі қызметіме жатады.

Сонымен қатар жеке құрамның кәсіби даярлығын арттыру, нормативтік-құқықтық құжаттардың орындалуын қадағалау және халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу де маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Күнделікті жұмысым әдетте танертенгі нұсқаулық жиналыстан басталады. Бұл уақытта тәуліктік жағдай талданып, алдағы күнге қойылған міндеттер айқындалады.

Күн барысында жоспарлы жұмыстар жүргізіледі: құжаттамалармен жұмыс, азаматтық қорғаныс жоспарларын жаңарту, оқу-жаттығулар мен практикалық сабақтар өткізу, сондай-ақ ведомстволарлық өзара іс-қимыл мәселелерін пысықтау.

Қажет болған жағдайда төтенше жағдай орын алған аймақтарға шығу, жедел штаб жұмысына қатысу және жағдайды тұрақтандыру бойынша нақты шаралар қабылданады.

Жұмыс күнінің соңында атқарылған жұмыстар қорытындыланып, есептер дайындалады. Дегенмен азаматтық қорғаныс саласындағы қызметтің ерекшелігі — кез келген уақытта шақырту болуы мүмкін, сондықтан үнемі дайын болу талап етіледі.

— Төтенше жағдайлар кезінде ең бірінші қандай әрекет жасалады?

Әуелі жағдай жедел бағаланып, қауіп деңгейі анықталады, халық пен жауапты қызметтерге дер кезінде хабар беріледі, адамдарды құтқару және эвакуациялау ұйымдастырылады, қауіпті факторлар оқшауланады. Апат аймағына шектеу қойылып, өрт, жарылыс, химиялық немесе басқа да зиянды әсерлердің алдын алу бойынша тиісті шаралар қабылданады. Инженерлік және техникалық қауіпсіздік талаптары қатаң сақталады.

Барлық кезеңде жауапты қызметтердің үйлесімді әрі бірлескен жұмысы қамтамасыз етіледі. Азаматтық қорғау, құқық қорғау органдары, медицина қызметі, коммунальдік және өзге де салалар бір орталықтан басқарылып, нақты міндеттерге сай әрекет етеді. Осындай жүйелі әрі үйлесімді жұмыс қана төтенше жағдайдың салдарын

барынша азайтып, ең бастысы — адам өмірін сақтауға мүмкіндік береді.

Кейін оқиға орнында қоғамдық тәртіп сақталып, төтенше жағдайдың салдарын жою және қалыпты тіршілікті қалпына келтіру бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

— Жігі кездесетін төтенше жағдай түрлері қандай және сол кезде халық жігі жіберетін қателіктер бар ма?

— Жігі кездесетін төтенше жағдайларға өрт, су айдындарындағы адам қазасы, су тасқыны, жер сілкінісі, техногендік апаттар жатады. Мұндай жағдайларда халық көбіне дүрбеленге беріледі, қауіп туралы ескертулерді елемейді, эвакуациялау талаптарын кеш орындайды. Сондай-ақ алғашқы медициналық көмекті білмеу, қауіпсіздік ережелерін сақтамау және әлеуметтік желілерде тараған жалған ақпаратқа сену салдарынан дұрыс әрекет етпей, өз өмірі мен айналасындағылардың қауіпсіздігіне қатер төндіріп жатады. Осы себепті мамандар төтенше жағдай кезінде сабыр сақтап, тек ресми дерекке сүйеніп, жауаптылардың нұсқауларын қатаң орындаудың маңызын еске салып отырамыз.

— Сіз қатысқан ең күрделі оқиға немесе есте қалған жағдай жайлы айтып бере аласыз ба?

— Су айдындарында қауіпсіздікке байланысты есте қалған оқиға ретінде түнгі уақытта бір баланың белгіленбеген орында суға түсіп кеткен жағдайын айтуға болады. Оқиға кезінде айналадағы адамдар дүрбеленге беріліп, өз бетімен әрекет етуге тырыскандықтан жағдай одан әрі қиындай түсті. Бақытымызға орай, су айдындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында рейдтік шара жүргізіліп жатқандықтан, құтқарушылар жедел әрекет етіп, баланы судан аман алып шықтық.

Зардап шеккен балаға сол жерде алғашқы медициналық көмек көрсетіліп, дәрігерлерге тапсырылды. Уақытылы әрі үйлесімді жасалған әрекеттердің арқасында баланың өмірін сақтап қалу мүмкін болды. Бұл оқиға қауіпсіздік талаптарын сақтаудың және төтенше жағдайда тек кәсіби мамандардың нұсқауын орындаудың қаншалықты маңызды екенін тағы бір мәрте көрсетті.

— Азаматтық қорғаныс бойынша оқу-жаттығулар өткізіліп тұра ма?

— Қазақстан Республикасында азаматтық қорғаныс жүйесі Төтенше жағдайлар министрлігі арқылы жүзеге асырылады. Оның қызметі «Азаматтық қорғау туралы» заңмен реттеледі. Бұл мамандық жоғары кәсібилікті, төзімділікті және батылдықты талап етеді. Сондықтан құтқарушылар арнайы дайындықтан өтіп, үнемі оқу-жаттығуларға қатысады.

Оқу-жаттығулар жиі өткізіліп тұрады: мектептер мен оқу орындарында сабақтар мен практикалық жаттығулар жүргізіледі, мемлекеттік және



өндірістік ұйымдарда төтенше жағдайларға дайындық ұйымдастырылады, қалалық және облыстық деңгейде өрт, жер сілкінісі немесе су тасқыны кезінде эвакуацияны пысықтау мақсатында жаттығулар өткізіледі, бұл адамдарды дұрыс әрекет етуге және алғашқы көмек көрсету дағдыларын меңгеруге көмектеседі.

Нақтысына келсек, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 2 шілдесіндегі № 494 «Халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, ілімді насихаттау, оқыту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес 2024 жылғы 20 желтоқсанда Қызылорда облысы әкімімен «2025 жылы Қызылорда облысының аумағында азаматтық қорғау саласында оқу-жаттығулар мен жаттығулар өткізуге жоспары» бекітілді.

Жоспарға сәйкес облыс аумағында ағымдағы жылдың басынан бастап әртүрлі тақырыпта 5337 оқу-жаттығу өтті. Ал 2024 жылы 3026 оқу-жаттығу өткізілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 60,4 пайызға көбейгенін білдіреді.

— Өз саланың өзгерістері қажет деп санайсыз?

— Азаматтық қорғаныс саласында қажетті өзгерістерге халықты төтенше жағдайларға дайындыққа тұрақты түрде үйрету, заманауи технологияларды пайдалану арқылы ерте ескерту жүйелерін жетілдіру, оқу-жаттығулардың сапасын арттыру, әртүрлі қауіпті жағдайларға тиімді әрекет ету жоспарын жаңарту және азаматтардың ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз ету жатады.

Азаматтық қорғаныс — қауіп төнген сәтте халыққа тірек, бейбіт күнде сақтықтың кепілі болып, ел қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды қорған секілді. Алайда қауіп-қатердің алдын алу мемлекеттік органдардың ғана емес, әрбір азаматтың ортақ міндеті екенін ескерген жөн. Қауіпсіздік ережелерін сақтау, төтенше жағдай кезінде өзін-өзі дұрыс ұстау, алғашқы көмек көрсету тәсілдерін білу — адам өмірін сақтауда маңызды рөл атқарады.

— Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен Аружан ОРАЛБАЙ



Эвакуациялық жүйенің дайындығы пысықталды

Төтенше жағдайлар кезінде халықты қауіпсіз аймаққа уақытылы көшіру және уақытша орналастыру — төтенше жағдайлар саласының басты міндеттерінің бірі. Осы міндетті тиімді орындау мақсатында облыста арнайы эвакуациялық қабылдау және жинақтау пункттері жасакталған.

Бүгінде облыс аумағында жалпы сыйымдылығы 130 437 адамды құрайтын 151 эвакуациялық пункт бар. Пункттердің инфрақұрылымы, материалдық-техникалық базасы және жұмыс алгоритмдері толық пысықталған. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық ТЖД бастығының орынбасары Бекболат Әбдіқадыров баяндады.

— Қазіргі таңда жергілікті атқарушы органдар барлық эвакуациялық пункттерді генераторлармен, төсек-орындармен, керуееттермен, жиналмалы керуееттермен және басқа да қажетті жабдықтармен толық қамтамасыз етті. Эвакуациялық пункттерді зардап шеккендерді қабылдауға дайындау мәселесі облыстық эвакуациялық комиссия мен төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырыстарында қаралып, туындайтын проблемалық бағыттарды шешу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде, — деді ол.

Халық үшін ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында эвакуациялық

пункттер туралы мәліметтер мен оларға баратын ең қысқа жолдар «Яндекс.Карты», «2GIS» және «SmartQyzylorda» платформаларында орналастырылған. Сонымен қатар су басу қаупі бар аймақтарда 53 эвакуациялық жинақтау пункті және 36 эвакуациялық қабылдау пункті белгіленген. Жалпы облыс аумағында 31 елді мекен, 83 668 тұрғын және 16 527 үй су басу қаупі бар аймақтарына кіреді.



шикізатын өндірумен байланысты ерекшеліктеріне қарай тізімге енгізілген. Осыған байланысты Төтенше жағдайлар министрлігінің тапсырмасына сәйкес, төтенше жағдай орын алған жағдайда 102273 зардап шеккен адамды қабылдауға арналған шатырлы қалашықтар ұйымдастыру үшін жергілікті атқарушы органдар жалпы ауданы 15 гектар болатын 14 жер учаскесін бекіткен.

Қысқы кезеңдегі жол қауіпсіздігі де өзекті мәселенің бірі болып отыр. Қыста автокөліктердің жолда қауіпсіз және үзіліссіз қозғалуын қамтамасыз ету мақсатында республикалық маңызы бар автожолдардағы жылыту пункттері өндірістік базалардың жөндеу жұмыстары аяқталған соң толық дайындалған.

— Облыс аумағында 12 жылыту пункті жұмыс істейді: оның ішінде «Қызылорда-Жезқазған» автожолында 1 жылыту пункті, «Қарабұтақ-Қызылорда-Шымкент» автожолында 3 трассалық медициналық-құтқару жылыту пункті және 8 жалпы жылыту пункті бар, — деді облыстық ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасы бастығының міндетін атқарушы Гафур Ақырзаев.

Облыстық Төтенше жағдайлар департаменті тұрғындарға эвакуациялық жүйенің барлық элементі толық дайын екенін және апатты жағдай туындаған жағдайда халық қауіпсіз орындарға тез әрі тиімді орналастырылады деп сендіреді.

А.МАРАТҚЫЗЫ

Нұрасыл ҚАЛМАХАН: УАҚЫТТЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН ТӘРТІП КЕРЕК

Басы 1-бетте

– Нұрасыл, жаңа апта басталып, қысқы емтихан келіп жетті. Бұл – студент үшін маңызды уақыт. Жаңа жыл да жақындады. Қазір артық уақыт болмай, қарбаласып жүрген шығарсыз?

– Иә, дұрыс айтасыз, қысқы емтихан – студент үшін өз еңбегін саралап, білімін қорытындылайтын маңызды кезең. Бұл уақыт мен үшін жауапкершілікпен қатар өз-өзіме есеп беретін сәт. Ал жаңа жылдың жақындауы ерекше көңіл күй сыйлайды. Бұл – отбасыммен, жақын достарыммен бірге бас қосып, жылы әрі қызықты уақыт өткізуге мүмкіндік беретін мереке. Жаңа жылды жаңа мақсаттармен қарсы алуға дайындалып жүрмін.

– Айналадағылар сізді үздік, белсенді студент ретінде таниды. Ал сіз өзіңізді қалай таныстыра беріңіз?

– Ең алдымен жауапты, үнемі ізденісте жүретін және адамдарды түсіне білетін эмпат студент деп сипаттайтын едім. Қандай іспен айналыссам да, барынша жауапкершілікпен қарап, соңына дейін жеткізуге тырысамын. Ал үздік болу – мен үшін арнайы қойылған мақсат емес, еңбектің, тұрақты ізденістің нәтижесі. Егер өз ісіңе шын берілсең, нәтиже өзі-ақ келеді деп ойлаймын. Мен өзімді елі үшін қызмет ететін ұрпақ ретінде таныстыра бердім.

– Болашақ мұғалім, ұстазсыз. Бұл таңдау бала Нұрасылдың арманы ма? Ал мұндай шешімге не себеп?

– Иә, мұғалім болу – бала кезден келе жатқан арманым. Мектеп қабырғасында жүргенде өз пәнін сүйіп оқытатын, әр оқушыға ерекше ықыласпен қарайтын ұстаздарды көріп өстім. Әсіресе мектебімдегі математика пәні мұғалімдерінің ықпалы жоғары болды. Олардың сабақты түсіндіру тәсілі, оқушыға деген жауапкершілігі мен адамгершілігі осы мамандықты таңдауыма негізгі себеп болды. Сол ұстаздарымдай шәкіртке бағыт-бағдар бере алатын мұғалім болсам деймін.

– Сіздің ойыңызша, нағыз мұғалім қандай болу керек? Мұғалім мен ұстаздың айырмашылығы неде деп ойлайсыз?

– Менің ойымша, нағыз мұғалім ең алдымен өз пәнін терең меңгерген, әділ әрі оқушының жан дүниесін түсіне алатын тұлға болуы керек. Ол тек білім беріп қана қоймай, әр баланың қабілетін байқап, оны дамытуға жол көрсете білуі маңызды. Ал мұғалім мен ұстаздың айырмашылығы – мұғалім сабақ үйретсе, ұстаз өмірге бағыт береді. Ұстаз оқушының тек біліміне емес, тұлға ретінде қалыптасуына жауапты адам деп есептеймін.

– Егер өмір ағымы басқаша болса, қай саланы таңдар едіңіз?

– Бұл бағытта аса қатты ойланып көрмеппін. Десе де бизнес саласын таңдайтын едім. Себебі бұл салада да стратегиялық ойлау, жауапкершілік пен шешім қабылдау қабілеті маңызды, ал бұл қасиеттер маған жақын. Әрі кәсіп пен ұстаз да халық үшін қызмет етеді. Бірі білім берсе, бірі материалдық жағдайда қолдау көрсетеді. Сондықтан адам мамандық емес, бірінші миссия таңдау керек секілді.

– Қазіргі мектеп оқушыларының ойы да, қызығушылығы да өзгеше. Болашақ ұстаз ретінде айтыңызшы, олармен тіл табысудың кілті неде?

– Түсіну мен құрмет. Міне, дәл осы екі дүние оқушымен тіл табысудың кілті. Оқушыны тыңдай білу, оған сенім арту және ашық қарым-қатынас орнату өте маңызды. Сонымен

қатар баланы шын ниетпен шартсыз жақсы көру, оның қызығушылығы мен қабілетін жан-жақты дамытуға ұмтылу – болашақ ұстаздың негізгі міндеттерінің бірі. Сонда ғана оқушы мен мұғалім арасында сенімді байланыс қалыптасады.

– Өзіңіз үлгі тұтатын ұстаз бар ма? Егер сол ұстазыңызбен қазір бетпе-бет отырсаңыз, не айтар едіңіз?

– Мен үлгі тұтатын тұлғалардың бірі де, бірегейі, әрине ол – Ыбырай Алтынсарин. Ыбырай ағамыз қазақ халқының ағартушысы ғана емес, нағыз ұстаздың қандай болуы керек екенін ісімен дәлелдеген тарихи тұлға. Оның білімге, ұрпақ тәрбиесіне деген көзқарасы мені әрдайым шабыттандырады. Егер Ыбырай Алтынсаринмен бетпе-бет отыру мүмкіндігі туса, ең алдымен қазақ баласының болашағы үшін жасаған өлшеусіз еңбегі үшін алғысымды білдірер едім. Сонымен қатар оның «Білім – елдің болашағы» деген ұстанымын жалғастыру – біздің буынның міндеті екенін айтар едім.

– Кейде жастар «мұғалім болу қиын әрі бағаланбайтын мамандық» деп жатады. Осы пікірге көзқарасыңыз қандай?

– Қазіргі таңда мұғалім мамандығына деген көзқарас одан әрі дамып, оң бағытта өзгеріп келеді деп ойлаймын. Бұл мамандық шынымен де оңай емес, алайда оның маңызы жыл өткен сайын артып келеді. Ал мұғалім еңбегі ең алдымен шәкіртінің жетістігінде, қоғамдағы ролінде және уақыт өте келе мойындалуында бағаланады. Сондықтан мұғалім болу – тек кәсіп емес, үлкен жауапкершілік пен миссия.

– Жақында «Жыл студенті – 2025» атандыңыз. Құттықтаймыз! Осы жайында сөз қозғасақ, бұл марапаттың да жауапкершілігі мен жүгі ауыр. Сахнаға шыққанда

естен кетпейтін сәт.

Бұл марапат мен үшін тек жетістік емес, үлкен жауапкершілік әрі алға жетелейтін мотивация. Ал дағы уақытта бұдан да көп еңбек етіп,

сенімді ақтауға тырысамын.

– Білімше, әзілге де жақынсыз. Тағы қандай сүйікті ісіңіз бар?

– Өзілден бөлек, спортпен, әсіресе футбол ойнағанды және кітап оқуды жақсы көремін. Сонымен қатар түрлі іс-шара ұйымдастыруға және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысу – менің сүйікті істерімнің бірі. Бұл маған жана адамдармен танысып, өзімді жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді.

– Ал уақыт жағы қалай? Даму жолындағы жұмыспен қатар сабақты алып жүру қиын емес пе, әлде тиімді тәсіліңіз бар ма?

– Әрине, қиын тұстары да бар. Алайда дәл сол қиындықтар арттырып,

жауапкершілікке үйретеді деп ойлаймын. Бірнеше бағытты қатар алып жүру мені мындай түседі. Уақытты тиімді басқару үшін нақты жоспар құрамын. «Тәртіпке бағынған құл болмайды» демекші, уақытты тиімді пайдалану үшін жоспардан бөлек тәртіп те керек. Күнделікті міндеттерге басымдық қойып, уақытымды жүйелі пайдалануға тырысамын.

– Мұғалім Нұрасылға бүгінгі студент Нұрасыл не айтар еді?

– Өте қызық сұрақ... Мұғалім Нұрасылға сабырлы болуды, адалдықтан айнымай, өз жолына және шәкірттеріне сенуді айтар еді деп ойлаймын.

– «Ер адам алдағы 3 жылын ойлау қажет» дейді. Біз одан да әріні алсақ, 5 жылдан кейінгі Нұрасыл қандай болуы мүмкін? Болашаққа қандай жоспарыңыз бар?

– Бес жылдан кейін өзімді жас маман ретінде мектепте сабақ беріп жүрген ұстаз деп елестетемін. Студент кезімде алған білімім мен көрген тәжірибемнің ақысын адал еңбегіммен қайтару – басты мақсаттарымның бірі. Алдағы жоспарым – өз жолын тапқан, елдің тірегі бола алатын шәкірттерді тәрбиелеу. Сол арқылы қоғамға пайдамды тигізгім келеді.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен Әлия ТӘЖІБАЙ

Тәуелсіздік – арманға жол ашқан, еркін ой мен батыл қадамға мүмкіндік берген басты құндылық. Сол тәуелсіздікпен қатар өсіп, елімізбен бірге қалыптасқан жас буын бүгінде түрлі салада табысқа жетіп, қоғамның дамуына өз үлестерін қосып келеді. Қызылордада еңбегімен, білімімен және табандылығымен биік белестерді бағындырған тәуелсіздіктің құрдастары Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңына келіп, жетістікке жету жолындағы тәжірибелері мен ой-пікірлерімен бөлісті.



ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҚҰРДАСТАРЫ

– Мен 1991 жылы Жалағаш кентінде дүниеге келдім. 2013 жылы Көкшетау техникалық институтына оқуға түсіп, тәжірибе алмасу бағдарламасы бойынша Беларусь Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғаныс университетіне ауысып, 2017 жылы Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою инженері мамандығын аяқтадым. 2023 жылы аталған университеттің «Төтенше жағдайларды жою және азаматтық қорғаныс» мамандығы бойынша магистр дәрежесін алдым. Бүгінде Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті Азаматтық қорғаныс басқармасында аға офицер майор қызметін абыроймен атқарып келемін. Оқу барысында түрлі ұлттық-мәдени фестивальдерге, Минскіде өткен «Қазақстан мәдениеті күндері» атты іс-шараларға қатыстым. Осындай игі істердің арқасында оқу орны басшылығы атынан бірнеше рет алғыс хатқа ие болдым. Сондай-ақ, белгілі режиссер Ақан Сатаевтың Белоруссияда түсірілген «Анаға апарар жол» фильмінің косымша бөлімінде Ұлы Отан соғысының солдаты ролін сомдау бақытына ие болдым. Бұл қарапайым курсант үшін үлкен мотивация болды. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі – халқымыздың бақыты. Тәуелсіздіктің арқасында еліміз тыныш, береке-бірлікте өмір сүріп жатырмыз. Мен де өз мамандығым бойынша ел қауіпсіздігін сақтау жолында аянбай еңбек етемін, – деді Гафур Ақырзаев.

– Мен, Бағжан Алтыбасова, облыстық перинаталдық орталығының акушер-гинеколог дәрігері, облыстық денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс репродуктологымын. Менің кәсіби жолым тәуелсіз еліміздің дамуымен қатар қалыптасты. 2008 жылы



М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетіне оқуға түсіп, 2013 жылы жалпы медицина факультетін тәмамдадым. 2015 жылы «Акушерия және гинекология» мамандығы бойынша интернатураны, ал 2018 жылы «Балалар гинекологы» мамандығы бойынша резидентураны аяқтадым. Сол жылдан бастап облыстық перинаталдық орталығында қызмет атқарып келемін. Осы жылдардың ішінде әйелдердің репродуктивті денсаулығын сақтау, ана мен бала өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында үздіксіз еңбек етіп келемін. Тәуелсіз еліміздің арқасында кәсіби тұрғыда дамып, халық денсаулығына қызмет ету – мен үшін үлкен мақтаным әрі жауапкершілік, – деді Бағжан Алтыбасова.

– Ұстаз үшін ең үлкен жетістік – шәкіртінің биікке ұмтылысы мен нақты нәтижесі. Соңғы жылдары оқушыларым қалалық, облыстық және республикалық деңгейде бірқатар жетістікке қол жеткізді. Сол жеткен жетістіктерінің нәтижесінде олар Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті мен Ашық университетінің білім гранттарына ие болды. Қазіргі таңда бір оқушым қалалық олимпиадadan I орын алып, облыстық кезеңге дайындық үстінде. Өзім де ұстаз ретінде кәсіби дамудан шет қалмай, республикалық «Педагогикалық идеялар фестивалі», «Педагогикалық идеялар панорамасы» байқауларына қатысып, қаржылық сауаттылық бағыты бойынша республикалық кезеңде III орын иелендім. Бұл – тәуелсіз ел ұстазының үнемі ізденісте болуы керек екенінің айқын дәлелі. Тәуелсіздік бізге таңдау еркіндігін берді. Ал сол еркіндікті біліммен, адал еңбекпен, нақты нәтижемен дәлелдеу – біздің ортақ міндетіміз, – деді Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектептің математика пәнінің мұғалімі Асылхан Токмұрзаев.

Қызылорда облысының
Өңірлік коммуникациялар қызметі




◀ БІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ

ЖЕКЕ КЛИНИКАДА МӘМС БОЙЫНША МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Әр адамның таңдауы әр түрлі. Мәселен, мемлекеттік емханалардан бөлек жеке клиникаларда да мықты дәрігерлер бар. Егер мен жеке клиникаға жазылсам, МӘМС-тің қызметтерін сол жақта ала аламын ба?

Ақкенже
ДАУЫЛБАЕВА,
Қызылорда қаласының тұрғыны.



Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жеке клиникаларда МӘМС бойынша медициналық қызметтерді алу мүмкіндігін түсіндірді. Бұл мүмкіндік әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін әзірлеу кезінде бастапқыдан қарастырылған және бүгінге дейін қолданыста, – дейді Қордың баспасөз қызметі.

Ол қалай жұмыс істейді?

Қызмет көрсететін емхана өз пациентіне МӘМС жүйесінде жұмыс істейтін кез келген клиникаға жоллама бере алады. Бұл жағдайда пациент медициналық қызмет үшін ақы төлемейді. Себебі көрсетілген қызметті қаржыландыру қор тарапынан қосалқы орындау шарты аясында жүргізіледі.

Қай кезде қолданылуы мүмкін?

Егер қызмет көрсететін емханада белгілі бір консультация алуға қажетті профилі дәрігер болмаса немесе белгілі бір диагностикалық қызметті өткізуге арналған жабдық жетіспесе пациентті басқа клиникаға жібереді. Мысалы бірқатар алғашқы медициналық-санитарлық көмек

Менің мамандығым – тәрбиеші. Яғни мектепке дейінгі тәрбие және оқыту. Тәрбиеші – ең алдымен, бала үшін білім нәрін құюшы ізгілік иесі, өмірлік тәжірибелерді үйретуші тәлімгер, адамгершілікке баулитын тәрбиеші психолог.

БІЛГІР МАМАН БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Адам баласы шыр етіп дүниеге келген сәби кезінен бастап берілетін тәлім-тәрбиенің маңызы өте зор. Баланың тұлға болып қалыптасуына жауапты ең басты тәлімгері ата-анасы болса, одан кейінгі жанашыр да қамқор ұстазы болмақ. Мектепке дейінгі баланың негізін қалайтын орта ол – балабақша. Балабақша нағыз шыдамды, сабырлы, ұстамды қызметкерлердің еңбек ететін жері. Себебі әр үйдің бір-бір еркесінің көңілін тауып, оларға ыстық махаббатын төгіп отыру да – оңай жұмыс емес.

Тәрбиеші мамандығы ежелгі Грецияда пайда болған. Ол кезде бала тәрбиесімен арнайы – бала тәрбиешісі айналысқан. Ол тек сәбиге қараған. Оны барлық жерде ертіп жүретін. Мамандығының аты осыдан қалыптасса керек. Қалған уақытта тәрбиеші баланың дамуын қадағалап, қауіп-қатерден қорғап, өмірге деген көзқарасын қалыптас-

XXI ғасыр тәрбиешісі – рухани дүниесі мен ақылы, ой-өрісі терең дамыған, эстетикалық талғамы мен адамгершілік сапасын бойына сіңірген, көп тарапты әлеуметтік, психологиялық тұрғыда қалыптасқан, ақпараттық технологияларды меңгерген, коммуникативті, теориялық білімдері іс-тәжірибеге бағытталған, жана-шыл, стратег, педагогикалық әдеп дағдыларын бойына сіңірген, тапқыр, шығармашыл, бәсекеге қабілетті кәсіби әлеуеті дамыған педагогикалық үдерісті тиімді басқара алатын лидер болу өзекті мәселеге айналып отыр.

Тәрбиешіге қойылатын аталған міндеттер ҚР «Педагог мәртебесі туралы» заңының «Педагогтік әдеп» және «Педагогтің міндеттері» деген 15-баптың 11-тармағында жан-жақты ашып көрсетілген. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі негізгі үш бағытта: оқыту мен тәрбиелеу, оқу-әдістемелік және әлеуметтік-педагогикалық қызметтерді ұйымдастыруда кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту ҚР Білім берудегі барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 1-тарауының 9-ережесінде «құзыреттілік – оқу үдерісінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті» деп айтылған.

Тәрбиешілер елдің ертеңгі азаматтарын тәрбиелеуші. Өйткені, жас ұрпаққа қазыналы да бай ана тілі – қазақ тілін анасынан кейінгі сіңірушісі, үйретушісі. Тіл бала бойына ұлттық құндылықтар, дәстүр мен салт, ұлтымызға тән ізгіліктерді дарытады.

Мен бала кезімнен тәрбиеші болуды армандаған едім. Осы арманымды жүзеге асыру мақсатында қазіргі таңда Текей батыр Қарпықұлы атындағы жоғары колледжінде «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығында білім алып жатырмын. Оқу орнында көптеген тәжірибесі мол мұғалімдерден дәріс алып, мамандығыма байланысты көптеген дүниелерді ұғынып жатырмыз.

Батыр Бауыржан Момышұлы: «Ешкім іштен батыр болып турмайды: батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады» деп ұлы ой айтқан болатын. Бауыржан атамыздың осы пікірі арқылы мен мамандығымның бүкіл адамзат үшін үлкен маңызға ие сала екенін түсінгендеймін.

Ұлы Абай «Баланы ең әуелі мейірім-шапағатқа, одан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға, еңбекке баулы» деп айтып өткендей, жас бүлдіршіндерге мейірім шапағатпен, Отанға деген, ана тілге деген құрметін нығайта отырып, оларға тура бағыт бағдар беру біздің тікелей міндетіміз екені айқын.

Болашақта өз мамандығым бойынша қызмет етіп, тәрбиеленушілерімді биік белестерден көріп жатсам, сол үшін өзімнің аз да болса үлесім тиіп жатса, мен өзімді бақытты тәрбиеші-ұстаз деп санаймын.

Дильназ ДАВЛЕТ,
Текей батыр Қарпықұлы атындағы жоғары колледжінің студенті



тырды, баланың қабілеттерін, іс-әрекеттерін және жалпы оның мінез-құлқын дамытты. Көптеген ғасыр өтті, бірақ тәрбиешінің қызметі маңыздылығын сақтап қалды.

Ал қазіргі тәрбиеші қандай болуы керек, оның қазіргі әлемдегі қызметі қандай? Тәрбиешіге қойылатын талаптар өте жоғары. Заманауи тәрбиеші шыдамды, ізгі ниетке толы, толерантты, жақсы оқыған, білімді болуы және заман ағымымен бірге жүретін қасиеттерге ие болуы қажет.

Қазақстанда білім берусаясаты – адам өмірі мен денсаулығы, жеке тұлғаның еркін дамуы, еңбексүйгіштік, азаматтық ізгі қасиеттерге, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге, патриотизмге, табиғатты қорғауға, отбасына деген сүйіспеншілікке баулу. Осыған орай 2021 жылы 15 наурызда бала құқықтары туралы конвенцияның нормалары ескеріліп, балаларды оқыту мен тәрбиелеу талаптарының өзгеруіне және өзекті ғылыми деректерге сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды трансформациялау үшін қажетті өзгерістер бағытын айқындайтын «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» қаулының 2-тарауының 11-тармағында «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде шешуді талап ететін бірқатар өзекті мәселелер бар» деп 11 кемшілікті атап көрсетіп, педагогтер белсенді зерттеуші және балалармен жұмыс істеудің жаңа нысандарын жасаушы, жаңашыл және жауапты болуы тиіс» делінген.



ұйымдарында тіркелген халық саны аз болғандықтан, кейбір тар бейінді дәрігерлер (мысалы пульмонолог, алерголог, ангиохирург) болмауы мүмкін немесе УДЗ, рентген аппараттары жоқ. Осындай қызметтер пациенттерге қажет болған жағдайда, оларды емхана қосалқы орындау туралы келісімшарт жасасқан клиникаға жібереді.

Сонымен қатар емханада қажетті мамандар мен жабдық болғанымен, жазылу бір айға толып қалған жағдайлар да кездеседі. Сондай-ақ қажет маман еңбек демалысында болса немесе жабдық уақытша істен шыкса осы механизм қолданылады. Мұндай жағдайда пациент қажетті медициналық қызметті алу үшін басқа клиникаға, оның ішінде жеке клиникаға жоллама сұрауға құқылы.

Маңызды! Жоллама тек Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жеткізушілер базасында тіркелген жеке клиникаларға ғана беріледі.

Бұл ретте пациенттің емханасы мен аталған клиника арасында қосалқы орындау шартының бар-жоғы маңызды емес. Себебі жоллама жасалған кезде ол ақпараттық жүйеде автоматты түрде қалыптастырылады.

Қызылорда – тарихы терең, тағылымы мол, мәдениеті бай, рухани тамыры мықты алып бәйтерек. Бәйтеректің өсіп тұрғанына бүгінде бір ғасыр толды. Бұл уақыт аралығында бәйтерек жетіліп, көктеп, жеміс беріп, халықты қуантты.

Жеке клиникада пациенттер тек консультация алып немесе диагностикалық процедуралардан өтіп қана қоймай, күндізгі немесе тәуліктік стационар жағдайында, оның ішінде МӘМС шеңберіне кіретін әртүрлі операцияларды жасау үшін де ем қабылдай алады.

Құқықтарды қорғау

Егер пациент қажетті медициналық қызметке жоллама ала алмаса, ол емхана жанындағы пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметіне жүгіне алады. Оң шешім болмаған жағдайда, бұл факті бойынша тексеру жүргізу үшін қорға ресми өтініш жолдауға болады.

Қор атап өткендей, кез келген консультациялық-диагностикалық қызметті пациентке емдеуші дәрігер тағайындайды. Ол пациенттің жағдайын зерттеп, шағымдары мен байқалатын белгілерін бағалайды. Тек тиісті көрсеткіштер болған кезде ғана зертханалық және аспаптық зерттеулерге немесе профильді маманның консультациясына жоллама береді.

Естеріңізге сала кетейік, МӘМС бойынша қызмет алу үшін сақтандырылған болу қажет.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының баспасөз қызметі



ҚЫЗЫЛОРДА БОЛАШАҚТА

Уақыт кеңістігіне сүңгісек, бәйтеректің бастауы – ойшыл, әлемдік ақыл-ойда айрықша орны бар философ, абыз, ғұлама Қорқыттың осы топырақта аунап-өсуі еді. Қорқыттан бүгінгі Үкітай Ернийзовтарға дейін қанша талантты тұлғалар бар. Сөз қадірін түсінген, елге өлеңімен танылып, шығармашылығымен көтерген Әбділді Тәжібаев сынды ақын-жазушылардың шығуы – осы алып бәйтеректің өрісін кеңге жайды. «Сыр елі – жыр елі» деген атау бүгінде тек Қызылорда қаласына тиесілі. Совет үкіметі кезінде күршіші Ыбырай Жақаев бүкіл Кеңес Одағына танымал болды. Күршіс өсірудің асқан шебері, ауыл шаруашылығын дамытуға үлес қосқан, екі мәрте «Социалистік Еңбек Ері» атағын алған Ыбырай Жақаев бұл бәйтеректің өсуіне өз септігін тигізді. Музыкант, әнші, композитор Батырхан Шүкенов Қызылорда қаласын ғана емес, еліміздің танылуына мүмкіндік жасады. Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың сөзге серт екені, айтқан сөзін міндетті түрде орындайтыны – Сыр елі тұрғындарының көп мақтанбай, нақты нәтижеге жұмыс істейтінінің айқын дәлелі. Мәдениет саласында шоқтығы биік Нартай Бекежанов, Роза Бағланова, Нұрлан Қоянбаев, Жанар Дұғалова, Мәдина Садуақасова секілді тұлғалар бәйтеректің жапырағының жайқалуына тікелей әсер етті. Ал әлемнің төрт дүркін чемпионы, спорт саласында ең танымал тұлға – Илья Ильин алып бәйтеректің жапырақтарының әр-алуан болғанымен, бәрі бір миссияға жұмыс істейтінін көрсетті. Бір ғасыр ішінде қаншама жан өз елінің бет-бейнесі үшін намысты қолдан бермеді. Соның арқасында бұл шаһар қазіргі таңда барлық саладан болсын озық қалалардың бірі.

Болашақ – қазіргі істеген әрекетіңнің ертеңгі жемісі. Мен



Ақмаржан АМАНГЕЛДІ,
«Жас журналист» үйірмесінің мүшесі



КӨШБАСШЫ ЖАСТАР – КЕЛЕШЕК ТҰТҚАСЫ

Басы 1-бетте

«AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының ұйымдастыруымен өткен жоба биыл 2-ші мәрте жастардың басын қосып отыр. Биыл олар «Саяси талдау және халықаралық қатынастар», «Коммуникация және медиа» және «Фасилитация және көшбасшылық» бойынша дәріс алды.

Алғашқы қадам – сенімділік

Үлкен мүмкіндіктерге бастайтын маңызды қадамның алғашқы күнінде белсенділер «AMANAT» партиясының атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібекпен кездесті.

– «Жас көшбасшылар платформасының» екінші кезеңі басталды. Партиямыздың жастар қанатының ұйымдастыруымен өтіп жатқан бұл жобаға еліміздің түкпір-түкпірінен келген 200-ден астам өрен қатысып жатыр.

Біздің жастарымыз отанышыл, білімпаз, еңбеккер екеніне тағы да көзім жетті. Олардың елдік іске деген ынтасын көріп, жаңашылдық пен жасампаздық ұлттық қасиетімізге айналып жатқандай әсерде қалдым.

Ұшқыр ойлы ұл-қыздарымыздың басын қосып, оларға нағыз лидерге тән дағдыларды үйрету – болашақ үшін жасалған істердің ең үлкені. Жастарға әлеуметтік лифт қалыптастырып, олардың дамуына барынша жағдай жасау – аса маңызды міндет. Біз бұл бағыттағы жұмыстарды үздіксіз жалғастыра береміз, – деді Дәулет Жамаубайұлы.



Мұнан соң жастар платформаның бірінші бағыты «Фасилитация және көшбасшылық» бойынша білім алды.

Жас көшбасшыларға креативті ойлау мен көшбасшылық қабілеттерді дамыту бойынша тәжірибелі тренер, білім беру бағдарламаларының авторы, фасилитатор Абдинур Сұлтанғалиев арнайы тренинг өткізді. Ол жастардың командалық жұмыс дағдыларын, креативті ойлау техникасын тәжірибеде қолдана отырып, көшбасшылық негізгі қасиеттерін талдап, әлеуеттерін бағалады. Сондай-ақ жана таныстықтар мен кәсіби байланыстар орнату жолдарын түсіндірді.

– 17 облыс пен 3 қаладан келген мықты көшбасшылармен үлкен алаңда кездестім. Бірі-бірінен өтетін олармен байланыс құру арқылы ерекше әсер алдым. Жастардың көзіндегі оты, еңбекқорлығы келешекте биік белестерге жетелейді. Мен бұл жастардан керемет тұлға шығатынын сенімдімін, – деді ол.



Саяси сабақ жас санасын жетілдіреді

Бағдарлама аясында жас көшбасшылар II күні еліміздің саяси өмірімен танысып, маңызды кездесулер мен шараларға қатысуда. ҚР Парламенті Мәжілісінің ғимаратында болған жастар өміріндегі ерекше сәттерін жасыра алмады. Оның үстіне кездесу барысында Мәжіліс депутаттары Жарқынбек Амантайұлы мен Максим Рожин қатысушыларды ғимараттың тарихы мен мұражайымен таныстырып, Қазақстанның заңнамалық жүйесінің құрылымын түсіндірді.

Ашық диалог аясында парламент жұмысы туралы ақпарат алып, депутаттармен ашық сұхбаттасып, еліміздегі заң шығару процесіне қатысты өз сұрақтарына жауап алды.

Сонымен қатар белсенділер Астана қаласының орталық бас мешіті мен «Ұлттық музей» ғимаратына экскурсия жасады. Олар үшін әрбір нысан көтеріңкі көңіл-күй, естелік суреттерімен есте қалды.

Бағдарламаның негізгі басымдығы – «Саяси талдау және халықаралық қатынастар» мен «Коммуникация және медиа» бағытына берілді. Алғашқы дәрісті мемлекет және қоғам қайраткері, саясаттанушы Айдос Сарым жүргізіп, жастарға «Саяси талдау және халықаралық қатынастар бойынша сабақ берді. Сондай-ақ белсенділер тарапынан қойылған сауалдарға жауап беріп, ашық пікір алмасты. Мұнан соң «Коммуникация және медиа» бағыты бойынша «XAXA Show» жобасының бас директоры, видеоблогер, сценарист Аксұлтан Қалиев дәріс өтті. Әлеуметтік желі арқылы қалай жұмыс жасап, өз-өзің қалыптастыру, жүйелі жұмыс жасау бағыттары бойынша түртіп өткен спикер кездесудің қызықты өтуіне ерекше ықпал етті.

Екі күндік бағдарлама аясында «AMANAT» партиясының хатшысы Александр Данилов жас көшбасшыларға сәттілік тілеп, оқытуды аяқтағаны үшін арнайы сертификаттармен марапаттады.

Қызылорда облысы – «Үздік филиал»

Әр өңірден келген белсенді жастар жобаның қорытынды кешін асыға күтеді. Себебі мұнда «AMANAT» партиясы «Жастар Рухы» жастар қанатының республикалық «Рухтастар» сыйлығы табысталады. Мұнда жыл бойына қоғамдық бастамаларға айрықша үлес қосқан еліміздің ең белсенді жас азаматтары мен бөлімше, филиалдар марапатталады.

Салтанатты рәсімге Мәжіліс депутаттары, қоғам қайраткерлері және белсенді жас көшбасшылар қатысты. Айта кетейік, биыл байқауға 18 бен 35 жас аралығындағы жастардан 500-ден астам өтінім келіп түсті. Жалпы осы жылдар аралығында 100-ге жуық жас азамат «Рухтастар» сыйлығының иегері атанды. Әр марапат – еңбекпен келген жетістіктің және тынымсыз ізденістің нағыз үлгісі.



Өз кезегінде «AMANAT» партиясының атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек жастардың ел дамуындағы рөліне тоқталып, бұл марапаттың қоғамдық маңызын атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында атап өткендей, өскелең ұрпақтың бойындағы патриотизм – болашаққа деген шынайы ұмтылыс және бұл – қоғам санасында болып жатқан өзгерістің айқын көрінісі. Білімді жастар – бұл елдің басты капиталы әрі оң өзгерістердің негізгі қозғаушы күші. Бүгінгі жас буынның қоғамға пайдалы болуға, жаңалық ашуға, өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысы артып отырғаны байқалады. Біз осындай жігерлі, ынталы жастарды құрметтейміз. «Рухтастар» сыйлығы баршамызды ортақ мақсат жолында бірігіп, Әділетті Қазақстанды құруға қарай нық кадам басуға шабыттандырады, – деді ол.

Ал «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Акерке Искандерова бұл сыйлық – еліміздегі ең белсенді, табанды және рухты жастардың еңбегі бағаланатын маңызды марапат екенін мәлімдеді.

– Бүгін біз еліміздегі 17 өңір мен 3 қаладағы ең белсенді жастарды бір алаңға жинадық. Олар жыл бойы өңірлерде атқарылған көптеген әлеуметтік, мәдени, экологиялық және волонтерлік жобаға жан-жақты үлес қосып, жастар саясатының дамуына елеулі еңбек сіңірді. Бұл марапат – олардың еңбегіне деген құрметіміздің белгісі ғана емес, алдағы жұмыстарына көрсетілген үлкен сенім, – деді Акерке Нұрғалиқызы.

Оның айтуынша, үздіктерді іріктеу барысы бірнеше кезеңнен тұрды. 25 қарашадан 3 желтоқсанға дейін өтінімдер «Жастар Рухының» ресми сайтында қабылданып, кейін республикалық конкурсы комиссиясының қарауына жіберілген.

Кеш барысында «Қайсар» жыл батыры номинациясымен Қазақстан-Американдық еркін университетінің студенті Ерасыл Омарханов, «Нұрлы ақыл» үздік жас ғалым номинациясына PhD доктор, Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты Органикалық егіншілік зертханасының аға ғылыми қызметкері Алтынай Жакатаева, «Ыстық қайрат» еңбек адамы номинациясымен «Қазақстан алюминий» АҚ филиалы электр

стансасының капиталды жобалар бөлімінде құрылыс-монтаж және іске қосу-реттеу жұмыстары бойынша сарапшы Жангелді Жанат, «Жылы жүрек» жыл еріктісі номинациясына жүздеген әлеуметтік жобаға қатысып, қоғамға нақты үлес қосқаны үшін академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу университетінің студенті Зият Садвақасов және «Жылдың әлеуметтік жобасы» номинациясында «Altay-pro» туристік фирмасының негізін қалаушы Екатерина Орлова ие болды.

Сонымен қатар «Белсенді рухтас» жыл белсендісі номинациясы бойынша еліміздің түкпір-түкпірінен келген 20 азамат марапатталды. Бұдан бөлек «Жастар Рухы» қолдаушысы номинациясын талантты жастардың бастамаларына қолдау көрсетіп жүрген спортшы, аралас жекпе-жек (ММА) шебері Арман Оспанов, Алматы облыстық мәслихат депутаты, филиал жанындағы Жастарды қолдау кеңесінің төрағасы, «Чемпиондық Рух» жобасының амбасадоры Нұрсұлтан Орынбасаров, «Жайдарман» ойындарын ұйымдастырушысы Жанасыл Болатбек, Павлодар облыстық мәслихат депутаты, Жастарды қолдау кеңесінің төрағасы Айдар Курумбасев, Павлодар қалалық мәслихат депутаты, «Крендель» ЖШС директоры Мадина Музапарова алды. «Жастар Рухы» жастар қанатының ең үздік бөлімшелері ретінде Ақмола облысы Бурабай ауданы және Жамбыл облысы Тараз қаласы лайық деп танылды.

– Біздің бөлімшенің ең үздік деп танылуы – әріптестеріміздің ортақ жеңісі. Бұл марапат бізді одан әрі жауапкершілікпен жұмыс істеуге ынталандырады. Биыл біз әлеуметтік, экологиялық және білім беру бағыттарында бірнеше жобаны жүзеге асырдық. Алдағы уақытта да өңіріміздегі жастар саясатын дамытуға үлес қоса береміз, – деді «Жастар Рухы» жастар қанатының Ақмола облысы Бурабай аудандық бөлімшесінің өкілі Әлішер Баймұқанов.

Ал «Үздік филиал» номинациясын «Жастар Рухы» жастар қанатының Қызылорда облыстық және Шымкент қалалық филиалдары иеленді.

– 12 жылдан кейін қол жеткізіп отырған «Үздік филиал» марапатының орны ерекше. Өткен жылы «Үздік бөлімше» атанғанбыз. Ал бұл жолы жыл басынан арнайы мақсат қойып, үздік болуға тырыстық. Шынында бұл жеңістің артында қаншама ерікті жастың еңбегі жатыр. Мұнымен тоқмейілісіп қалмаймыз. Бұл абыройды ұстап тұру үшін және келесі жылы да үздік болу үшін тынбай жұмыс істейміз, – деді Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Әсетхан Қазиханұлы.

Жыл соңын асыға күтетін жастардың Арқа төріндегі 3 күндік сапары тәмамдалды. Ендігі барлығы өздеріне артылған жауапкершілік жүгін еңсеруге өңірлеріне аттанды. Келешегінен зор үміт күттіретін жастардың басын қосып, олардың дамуына, тұлға болып қалыптасуына, көшбасшылық қасиетті бойына сіңіруі жолында еселі еңбек еткен «Жастар Рухы» жастар қанатының бұл жобасына бәрекелдіден басқа айтарымыз жоқ!

АБЗАЛ ЖОЛТЕК
Қызылорда-
Астана-
Қызылорда



«ҚҰРМЕТТІ АДАМ»

— Ақбай Бақбайұлы марапатталады...
Сахнаға үп еткен желден құлап қалардай
қара сирақ жіңішке бала жалт етіп шыға келді.
Бәрі бір-біріне қарасты.

— «Қамқор» партиясының өкілі.
Әрі қарай өмірбаянын судыратып оқып
жатты... Оқып жатты. Түгесілер емес. Бесіктен
белі шықпай жатып, талайды қатырған,
батыратынын батырған, аюдай ақырған кәттө
өмірбаян екен. «Бұл не деген батпан күйрек»
десті жұрт. Өмір дерегіне қарасаныз, кәдімгі
жұмыс жоққа жұмыс, тыныс жоққа тыныс
берген, өліні тірілтіп, тіріні қуатты еткен,
айналасын шуақты еткен бір керемет екен.
Көрермен қатарында бастығынан әбден құқай
көріп, әріптестерінен үш есе аз жалақы алатын
Жалтырбайдың көңілі жібіп қалды. «Тура
маған керек адам» деп түйді ол. Жиын біте
сала дайындалып, қабылдауына жазылмақшы.
Не дегенмен, партия ғой. Сөйтіп дереу әйеліне
хабарласты.

— Мен бүгін «Қамқор» партиясына барамын.
Жағдайды айтып, баяндап, бастықтың аяғын
аспаннан келтіремін. Осыдан көр де тұр, менің
күнім туатын болады. Ішім сезеді, — деді қуанып.

— Жалтырбай десе Жалтырбайсың ғой.
Шашы түсіп, жалтыраған басыңның ішінде
титтей ми болса, осылай демес едің, — деп әлгі
тұтқаны қоя салды.

Не болса да көрмекші. Тартып алар түгі
жоқ. Айдың жартысына жетеғабыл болатын
жалақысын алмаса, басқа несі бар?! Бұдан төмен
түсер, құлдилар не қалды?!

— Ақбай Бақбайұлы, кіруге бола ма екен?
Әлдекіммен телефон арқылы сөйлесіп отыр.
Бағанағы фотоға түсердегі жымнаған кескін жоқ.
Қабағынан қар жауып, түйенің үстінде отырған
дөкейдің баласы. Сәлем жоқ, сауқат жоқ.

— Не мәселемен келдің? — деп дүңк еткізді.

— Мәселе болғанда мұғалім едім. Бастығым
Мырқымбай Таштайұлы осындай жағдайға
жеткізді. «Қамқор» партиясының, оның арғы
жағында өзіңіздің бастамаңызбен талайдың
мәселесін шешіп беріпсіз. Мен де үміт артып
келіп отырмын.

— Жақсы, оны танимын. Мәселеніз шешіледі.
Уайымдамай бара беріңіз, — деп қысқа қайырды
да телефонымен әлдекіммен сөйлесе бастады.
— Е-е, марапат деймісіз. Ех-ее-ххххх, бізден
басқа лайықты кім бар дейсіз. Күндіз-түні елдің
қамымен жүріп жатырмыз. Осы біз болмасақ,
мекемелер ішіндегі жағдайды да шеше алмайды
ғой. Уа-ха-ха...

Жалтырбайға шыға бер деп, қолымен
есікті нұсқалды. Дәлізде шығып бара жатып,
не жазбаша өтініш, не сұраныс жаздырмай
қала берген Ақбайдың әдісіне марқайып, үйіне
қайтып барады. Жолда телефонына хат келді.
Бастықтан екен.

«Сен енді боссың. Ақбайдың менің інім
екенін білмейтін бе едің?..»


Мұртын балта шаппайтындармен күресемін
деген Жалтырбай болашағына балта шаптырып,
отырып қалды.

Ал бұл уақытта жұмысы жоққа жұмыс,
тынысы жоққа тыныс тауып берген партия өкілі,
меценат қара бала әкесімен дауласып, «Сен не
білесің ей?» деп соғып жатқан...

Айнаға қарап тұрайықшы. Болкім, «Құрметті
адам» деген аттан ұят болып жатқан жоқ па?!

Нұр ТӨРЕ

Сахна төрінде үлкен басшы елге
еңбегі сіңген тұлғаларды марапаттап
жатты. «Елдің қамын жеумен» қарны
алдына екі метр шыққан алпауыттар
алғыс хатқа көмілген.
Қызыл кілеммен тура
ортаға барып,
қолына құрметті
қағазды ұстаған
күйі жымыяп
фотографқа
қарайды. Пәлі, бәрі
бір әдемі образға
кіріп алған ғой. Сол
образдан біразға дейін
шыққысы келмейді.
Жүргізуші кезекті «құрметті
адамды» ортаға шақырып жатты.



АФРИКАДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Бүгінде қазақстандық жастардың әлемдік
аренада, оның ішінде білім саласында ойып алар
орны бар. Бұл өрине, қоғам үшін де, ғылым үшін
де үлкен жетістік. Мұхит асып, шетелге барып оқу,
тәжірибе жинау, жаңа мәдениетпен танысу – әлемді
танудың ең тиімді жолы екені белгілі. Бірақ осы
жолды тек жеке пайда үшін емес, қоғамға қызмет
ету үшін таңдаған жастар бар. Солардың бірі – 23
жастағы отандасымыз Данель Берсебаева.

Назарбаев зияткерлік мектебінің түлегі, үш тілді
еркін меңгерген, Еуропада білім алып жүрген магистрант
бүгінде Африканың батысындағы Сенегал астанасы Дакар
қаласында бастауыш сынып оқушыларына сабақ беріп,
мұғалімдік жолын бастады.

«Мақсатым – тек жаңа жерді көру емес»

Данель Африкаға академиялық алмасу арқылы келген.
Сұхбаттарының бірінде ол бұл қадамды жай қызығушылық
немесе сапар ретінде емес, тәжірибе жинау мүмкіндігі деп
қабылдағанын айтқан еді.

— Иә, Африкаға осыдан үш ай бұрын магистратура
бойынша алмасу бағдарламасы арқылы келдім.

Мақсатым тек турист болу емес, қызықты волонтерлік
жобамен айналысу болды, — дейді ол.

Дәл қазір Данель Дакардағы бастауыш мектептердің
бірінде математика, география пәндерінен сабақ беріп,
сонымен қатар француз және ағылшын тілдерін үйретіп
жүр.

Оқу процесінен бөлек, магистрант мектептің әкімшілік
жұмысына да араласалды.

Оның атқарып жүрген міндеттерінің тізімінде
құжаттармен жұмыс істеу, әдістемелік материалдарды
тарату, серіктестер мен демеушілер тарту жұмысы да бар.
Бұл қызметі оған тек педагогикалық тәжірибе ғана емес,
ұйымдастырушылық қабілеттерін де шыңдауға мүмкіндік
беруде.

Данель үшін климат та, тіл де, әлеуметтік орта да мүлде
басқа. Бірақ ол өзін жалғыз сезінбегенін де айтқан еді.
Франциядан келген магистрант достары оны жаңа ортаға
бейімделуге көмектескен.

— Бұрын Сенегалда жұмыс істеген достарым бар.

Солардың кеңесі көп көмектесті, — дейді ол.

Кейіпкеріміз оқуы аяқталған соң Қазақстанға оралып,
мамандығы бойынша жұмыс істеуге ниетті.

Інжу МАРЖАН



МАРЫҚТАУ: ТАРАЗЫ ЕМЕС, ТӘРТІП ШЕШЕДІ



Қазіргі қоғамда арықтау жай ғана сән қуу емес, денсаулыққа деген саналы
қадамға айналды. Біреу үшін ол айнадағы бейнемен келісу болса, енді бірі
үшін – еркін қозғалу, жеңіл тыныстау, өзіне деген сенімді қайта табу. Алайда
көбі арықтауды ашығумен немесе қатаң диетмен шатастырып аламыз.
Шын мәнінде, салмақ тастау – өз ағзаңмен тіл табысу өнері.

Көпшілік салмақтан тез
құтылу мақсатында дәрі
ішуді таңдайды. Иә, кей
препараттар тәбетті уақытша
басып, салмақтың тез
азайуына әсер етуі мүмкін. Бірақ
дәрі арқылы арықтау мәселені
шешпейді, керісінше ағзаны
тәуелділікке үйретеді. Салмақты
қауіпсіз әрі тұрақты азайтудың
жалғыз жолы дұрыс тамақтану
мен қозғалыс.

Дене қимылы – маймен
күрестегі ең тиімді әрі тегін құрал.
Мәселен бір сағат бойы велосипед
айдау 400-600 калория жоғалтуға
мүмкіндік береді. Бұл – бір
шоколадты торттың энергетикалық
құнына жуық. Ал қарапайым жаяу
жүрудің өзі күніне 10 мың кадам
жасалса, шамамен 300-400 калорияны
жояды.

Қызығы, жүгіру кезінде
бір сағатта 600-800 калория
жұмсалады, алайда ол бәріне бірдей
қолайлы емес. Ал баяу серуендеу
буындарға салмақ салмай, жүйкені

тыныштандырады. Зерттеулерге сүйенсек,
күніне 30 минут белсенді қозғалыс зат
алмасуды едәуір жақсартады екен.

Көпшілік арықтау үшін алдымен тамақтан
бас тартады. Алайда бұл – ең қауіпті жол.
Таңғы асты ішпеген адам кешке шамадан
тыс тамақ жеуге бейім келеді. Ақуызға бай
тағамдар – жұмыртқа, айран, балық – ұзақ
уақыт тоқтық сезімін береді.

Су ішудің де рөлі зор. Күніне жеткілікті
мөлшерде су ішу зат алмасуды 20-30%-ға
дейін жылдамдататыны дәлелденген. Кейде
адам аштықты емес, шөлді сезінеді.

Арықтауға күйзеліс кедергі келтіреді.
Стресс кезінде бөлінетін кортизол гормоны
майдың жиналуына ықпал етеді. Ал тәулігіне
7-8 сағат ұйықтамаған адамның артық салмақ
қосу қаупі әлдеқайда жоғары.

Сөз соңында, арықтау – қысқа марафон
емес, ұзақ жол. Бұл жолда қатаң тыйымнан
гөрі тұрақты әдет женеді. Таразыдағы
сан емес, жеңіл қимыл, сергек көңіл мен
денсаулық бірінші орынға шыққанда ғана
нәтиже баянды болады. Себебі сымбат –
дененің емес, өмір салтының айнасы.

Қорлан САРЫ

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі



Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат
және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып,
№KZ 32VRY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы
қайта берілген.

«Ақмешіт жастары» республикалық газеті
КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті
жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10
БАС РЕДАКТОР
Дәулет ҚЫРДАН

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Мерей ШӘКРАТ

Таралымы: 6479
Тапсырыс: 2152